

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2024-12-4-38-50>

Адам құқықтары саласындағы халықаралық ұйымдардың және олардың органдарының шешімдерін мемлекеттер тарапынан орындау

Ербол М. Абайдельдинов

Заң ғылымдарының докторы, профессор,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық құқық кафедрасының профессоры,

Астана, Қазақстан.

e-mail: erbolabay@mail.ru

ORCID: 0000-0002-2267-2540; JEL-code: K33 Халықаралық құқық

Арлан Алмасұлы

Заң ғылымдарының магистрі,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық құқық кафедрасының докторанты,

Астана, Қазақстан.

e-mail: almassuly.arlan@gmail.com

ORCID: 0000-0002-0230-2657; JEL-code: K33 Халықаралық құқық

Түйіндеме: Мақалада егемен ел аумағында әртүрлі халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін уақытылы, толық және шектеулі түрде орындау мәселелері қарастырылады.

Сонымен қатар, адам құқықтарын шектеу шарттары мен шектерін реттейтін нормаларды қамтитын халықаралық-құқықтық актілер талданады, олардың пайда болуы тек төтенше жағдайлармен ғана емес, сондай-ақ елдің, өңірдің мәдени ерекшеліктері мен олардың тарихи (құқықтық, діни және т.б.) даму ерекшеліктерін ескеру қажеттілігімен де байланысты екеніне назар аударылады.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық нормаларын «қасақана» бұзу жағдайларын анықтайтын халықаралық-құқықтық актілер зерттелген.

Халықаралық құқық нормалары мен ел Конституциясының арақатынасының кейбір аспектілері талданып, адам құқықтарын қорғауды неғұрлым тиімді жүзеге асыру үшін халықаралық, интеграциялық және ұлттық құқықтың мүмкіндіктерін үйлестірудің өнімділігі туралы қорытынды жасалған.

Негізгі сөздер: адам құқықтары, халықаралық құқық, Конституция, өзара әрекеттестік, құқықтарды шектеу, халықаралық ұйым.

The Implementation by States of Decisions of International Organizations' Bodies in the Field of Human Rights

Yerbol M. Abaideldinov

Doctor of law, professor,
Professor of the Department of International Law at L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan.
e-mail: erbolabay@mail.ru
ORCID: 0000-0002-2267-2540; JEL-code: K33 International law

Arlan Almassuly

Master of Law,
Doctoral Student at the Department of International Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan.
e-mail: almassuly.arlan@gmail.com
ORCID: 0000-0002-0230-2657; JEL-code: K33 International law

Abstract: The article addresses issues of timeliness, scope, and completeness in the implementation of decisions made by various international organizations and their bodies within the territory of a sovereign state.

It also examines international legal instruments that contain norms regulating the conditions and limits of human rights restrictions, which arise not only in emergency situations but also considering the cultural characteristics of the country, region, and specific features of their historical (legal, religious, etc.) development.

The analysis includes international legal instruments that define cases of "intentional" violations of international law norms in the field of human rights.

Certain aspects of the correlation between international law norms and the constitution of the state are explored, concluding that integrating the capacities of international, integrative, and national law would be productive for more effective protection of human rights.

Key words: human rights, international law, constitution, interaction, restriction of rights, international organization.

Выполнение государствами решений органов международных организаций в сфере прав человека

Ербол М. Абайдельдинов

Доктор юридических наук, профессор,
профессор кафедры международного права Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан.
e-mail: erbolabay@mail.ru
ORCID: 0000-0002-2267-2540; JEL-code: K33 Международное право

Арлан Алмасулы

Магистр юридических наук,
докторант кафедры международного права Евразийского национального
университета им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан.
e-mail: almassuly.arlan@gmail.com
ORCID: 0000-0002-0230-2657; JEL-code: K33 Международное право

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы своевременности, пределов и полноты исполнения решений различных международных организаций и их органов на территории суверенной страны.

Рассмотрены также международно-правовые акты, содержащие нормы, регламентирующие условия и пределы ограничения прав человека, появление которых связано не только с чрезвычайными ситуациями, но и в связи с учетом особенностей культуры страны, региона, особенностях их исторического (правового, религиозного и т.д.) развития. Проанализированы международно-правовые акты, определяющие случаи «намеренного» нарушения норм международного права в сфере прав человека.

Проанализированы некоторые аспекты соотношения норм международного права и конституции страны, сделан вывод о том, что продуктивным будет объединение возможностей международного, интеграционного и национального права в целях более эффективной защиты прав человека.

Ключевые слова: права человека, международное право, конституция, взаимодействие, ограничение прав, международная организация.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде халықаралық және ұлттық құқықтың өзара әрекеттесу саласында елеулі тәжірибе жинақталды. Алайда оған қарамастан халықаралық қатынастардың, экономикалық және саяси үдерістердің үздіксіз дамуы барысында әлемнің түрлі елдерінде халықаралық құқықтың қолдану тәртібі мен шектері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың органдарының шешімдерін орындау мәселелері кезең-кезеңімен туындап отыр.

Жалпы, бұл мәселелерге қатысты зерттеушілердің басым бөлігі мемлекеттер халықаралық шарттар құқықтары туралы Вена Конвенциясының 26-бабында баяндалған «Pacta sunt servanda» қағидатына сәйкес жасалған халықаралық шарттарды және олардан туындап жатқан салдарды (онын ішінде халықаралық ұйымдар қабылдайтын шешімдерді) адал және толық орындауы тиіс деген пікірді қолдайды. Атап өткенде нақты қағида «әрбір күшіндегі шарт оған қатысушылар үшін міндетті болып табылады және олар оны адал орындауға тиіс» дегенді білдіреді [1].

Бүгін, егемен ел аумағында көбіне әртүрлі халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін уақытылы және толық орындау мәселелеріне қатысты белгілі бір қиындықтар туындауда. Бұл жағдай,

негізінен, халықаралық адам құқықтары саласында ерекше байқалады. Егемен мемлекеттер кейде халықаралық және аймақтық адам құқықтары саласындағы ұйымдар, сондай-ақ олардың органдары, соның ішінде сот органдары, ел Конституцияларына, қалыптасқан этикалық, діни және моральдық дәстүрлерге сәйкес келмейтін ұсынымдарды, қорытындылар мен шешімдерді шығарады деген ойды қолдауда. Сол себепті мұндай шешімдер бөтен құндылықтарды таңу немесе ішкі істерге араласу ретінде бағалануы мүмкін деуде.

Материалдар мен әдістер

Бұл, мысалы, Адам құқықтары және негізгі бостандықтарды қорғау туралы Конвенцияға қатысушы мемлекеттерге қатысты істер бойынша шығарылған Еуропалық адам құқықтары сотының (ЕАҚС) бірқатар шешімдеріне қатысты. Сондай-ақ, бұл Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) оның конвенциялары мен ұсынымдарын мемлекеттерде қолдануға байланысты кейбір қорытындыларына, БҰҰ-ның шарттық органдарының мемлекеттердің мерзімдік есептеріне қатысты Қорытынды ескертпелерінде, сондай-ақ Жалпы тәртіптегі ескертпелерінде қамтылған ұсыныстарына байланысты болуы мүмкін. Аталған жалпы «шешімдер» белгілі сәт сайын мемлекеттердің конституцияларының кейбір нормаларын, ұлттық заңнаманы немесе конституциялық бақылау органдарының өкілеттіктерін өзгерту қажеттілігін көздейді [2] және т.б.

Нәтижелер мен талқылау

Мұндай шешімдерге жауап ретінде кейбір жағдайларда ұсынылған ұсынымдармен келісімді, ал басқа жағдайларда келіспеушіліктерді білдіретін негізделген түсініктемелер пайда болады. Бұл түсініктемелер егемен мемлекеттердің ресми жауаптарында да, сондай-ақ осындай халықаралық органдарда жұмыс тәжірибесі бар сарапшылардың пікірлерінде де көрініс табады [3].

Мәселен, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің мүшесі (2012 ж.) проф. М.А. Сарсембаев 2011 жылы Қазақстанның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелерін орындау бойынша Ұлттық баяндамасын қорғау кезінде, қазақстандық делегация Комитет мүшелерін «Қазақстанда жалпы алғанда адам құқықтары мен бостандықтары сақталады» дегенге сендіре алғанын жазды. Сонымен бірге, Комитет бірқатар мәселелер бойынша алаңдаушылық білдіріп, ұсыныстар жасады. Бірақ «бұл ұсыныстар кей жағдайларда Комитет мүшелерінің Қазақстандағы адам құқықтары проблемаларының мәні мен үрдістерін жеткілікті зерттемеуіне негізделгендіктен, мемлекет тарапынан олар толықтай қабылданбауы мүмкін» екенін атап кетуде [4].

Мұнда халықаралық шарттар құқықтары туралы Вена Конвенциясы халықаралық шарттарды сөзсіз орындау қағидасын соншалықты қатаң түрде бекітпейтінін атап өту керек. Мамандар, әдетте, Вена Конвенциясының 27-

бабының бірінші бөлігін келтіреді: «Қатысушы өз ішкі құқығының ережелерін шартты орындамаудың негізі ретінде сілтеме жасай алмайды», алайда сол бапта шарттарды міндетті түрде орындау ережесінен маңызды ерекшелік бар екеніне аса назар аудармайды: «Бұл ереже 46-бапқа зиян келтірмей әрекет етеді».

Шынында да, халықаралық шарттар құқықтары туралы Вена Конвенциясының 46-бабы белгілі бір жағдайларда шартқа қатысушының өз міндеттемелерін орындамау мүмкіндігін қарастырады. Бұл шарт жасасу кезінде рәсімдік аспектілерге (мемлекеттің шарт жасасу құзыретіне қатысты ішкі құқық нормаларының айқын бұзылуы) және шарттың мазмұндық бөлігіне – мемлекеттің ерекше маңызды ішкі құқық нормаларын бұзуға қатысты болуы мүмкін. Кез келген мемлекет үшін «ерекше маңызды мәнге ие» нормалардың жиынтығы, сөзсіз, олардың конституциялары болып табылады, ал конституциясы жоқ мемлекеттер үшін – мемлекеттің негізгі қызмет салаларын реттейтін негізгі заңдар.

Әрине, орындауға міндетті болып табылатын императивтік сипаттағы халықаралық құқық нормалары бар, олардың арасында «*jus cogens*» нормалары ерекше орын алады. Вена Конвенциясының 53-бабына сәйкес, бұл нормалар «жалпы халықаралық құқықтың императивтік нормалары» ретінде айқындалады. Аталған Конвенция бабында «жалпы халықаралық құқықтың императивтік нормасы бүкіл мемлекеттер қауымдастығымен нормадан ауытқуға жол берілмейтін және тек осындай сипаттағы кейінгі жалпы халықаралық құқық нормасымен ғана өзгертілуі мүмкін норма ретінде қабылданып, мойындалады» деп көрсетілген.

Әдебиетте міндетті нормаларға, әдетте, бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған негізгі ережелер жатқызылады. Оларға халықаралық қатынастарда күш қолдану немесе күш қолдану қатерін тыйым салу, сондай-ақ гуманитарлық сипаттағы нормалар, мысалы, геноцидке, азаптауға, құлдыққа және құл саудасына, нәсілдік кемсітушілікке тыйым салу жатады [5]. *Jus cogens* нормаларының соңғы тізімі халықаралық-құқықтық құжаттарда белгіленбеген және жасалмаған, себебі мұндай императивтік нормалардың тізімі қазіргі таңда шектеулі болуы мүмкін емес. Бұл тізім әлі де талқыланып, толықтырылуда.

2015 жылдан бастап Халықаралық құқық комиссиясы өз жұмыс бағдарламасына «*Jus cogens*» тақырыбын енгізіп, осы тақырып бойынша Арнайы баяндамашыны тағайындады. 2017 жылы Халықаралық құқық комиссиясына Арнайы баяндамашының екінші баяндамасы ұсынылды, оның VIII тарауы «Жалпы халықаралық құқықтың императивтік нормалары (*jus cogens*)» деп аталып, онда императивтік нормаларды анықтау критерийлері баяндалған. Баяндамашы талқылау үшін бірнеше тұжырым жобасының мәтінін ұсынды. Назар аудартатыны, 9-шы тұжырым жобасының 2-тармағында «Қабылдау және мойындау дәлелдері» деп аталатын бөлімде халықаралық шарттар, халықаралық ұйымдар қабылдаған қарарлар және басқа да материалдар тізімі келтірілген, олар жалпы халықаралық құқық нормасының *jus cogens* деңгейіне көтерілгенін көрсететін дәлелдер ретінде қарастырылады.

Халықаралық құқық комиссиясының кейбір мүшелері бұл тізімді «дәлелдер ретінде ұлттық конституциялар да енгізілуі тиіс» деген ережемен толықтыруды ұсынды, және бұл ұсыныс Арнайы баяндамашы тарапынан қолдау тапты [6].

Халықаралық құқық комиссиясының 2017 жылғы ұлттық конституцияларды жалпы халықаралық құқық нормасының *jus cogens* деңгейіне көтерілгенін мойындау мен қабылдауды растайтын материалдар тізіміне қосу туралы ұсынысы мемлекеттің негізгі заңдарының рөлін біртіндеп мойындау процесін көрсетеді.

Осылайша, БҰҰ деңгейінде – ең беделді халықаралық ұйым ретінде, сондай-ақ құқықтық ғылымда, *jus cogens* нормалары ретінде ең алдымен БҰҰ Жарғысында, басқа да құжаттарда және ұлттық конституцияларда баяндалған халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормалары қарастырылатыны туралы түсінік барған сайын нығаюда.

Барлық халықаралық құқық негізделетін халықаралық-құқықтық құжат – Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына жүгінсек оның алғы сөзінде басты міндет ретінде «болашақ ұрпақтарды біздің өмірімізде адамзатқа қайғы-қасірет әкелген соғыс апаттарынан құтқару» аталған, ал бұл тармақтан кейін «негізгі адам құқықтарына, адамның қадір-қасиеті мен құндылығына, ерлер мен әйелдердің теңдігіне, сондай-ақ ірі және кіші ұлттардың тең құқықтылығына деген сенімді қайта бекіту» міндеті атап өтілген.

Бұдан әрі, БҰҰ Жарғысының 1-бабында осы ұйымның мақсаттарының басымдығы айқындалады:

1. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау...;
2. Ұлттардың тең құқықтылық және халықтардың өзін-өзі анықтау қағидатына құрмет негізінде достық қатынастарды дамыту...;
3. Барлығы үшін нәсіліне, жынысына, тіліне немесе дініне қарамастан, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарына құрмет көрсетуді көтермелеу және дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру... [7].

Берілген мәтіннен БҰҰ Жарғысын жасаушылардың ойы бойынша адам құқықтары мен бостандықтарына жүгіну тек алғашқы маңызды мақсаттарға қол жеткізілгеннен кейін ғана нәтижелі болатынын көруге болады: бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, мемлекеттердің тең құқықтылығы мен өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ету, олардың егемендігін қорғау.

Егемендік мазмұнына назар аудара отырып, белгілі ғалымдар мен практиктердің пікірінше, мемлекеттің егемендігі белгілі бір шектеулерге ие, оларды халықаралық құқықтың басқа субъектілері бұзбауы тиіс, ал мемлекет қабылдаған міндеттемелер ұлттық конституция нормаларын ескере отырып орындалуы қажет [8].

Қазіргі уақытта халықаралық шарттар құқықтары туралы 1969 жылғы Вена Конвенциясында ресми түрде бекітілген «*Pacta sunt servanda*» қағидасы халықаралық құқықтың барлық салаларына, сондай-ақ ратификацияланған және ратификацияланбаған барлық халықаралық шарттарға бірдей дәрежеде қолданылады.

Сонымен қатар, әрбір мемлекет өзінің тарихи даму процесінде халықаралық-құқықтық міндеттемелерін өз аумағында орындауға қатысты әртүрлі тәсілдерді қалыптастырған. Бұл, негізінен, мемлекеттің өркениеттік ерекшеліктеріне байланысты. Бұл туралы 1990 жылдардың ортасында проф. Г.Н. Манов ұлттық құқықтың ерекшеліктерін қарастыра отырып, атап өтті: «Дамыған күйдегі ел – бұл әрдайым белгілі бір өркениет» [9].

Осыған байланысты, әрбір мемлекеттің тарихи даму барысында өзіне алған халықаралық-құқықтық міндеттемелерді орындауға қатысты жеке, өркениеттік ерекшеліктерімен айқындалған тәсілдері қалыптасқанын ескеру қажет.

Өркениет факторы мен әрбір елдің мәдени ерекшеліктерін ескеру адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық-құқықтық құжаттарда заңды түрде бекітілген. Мысалы, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 29-бабының 2-тармағында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 12-бабының 3-тармағында [10], Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 4 және 8-баптарында [11] адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде шектеулер енгізу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл шектеулер ұлттық заңнама арқылы «демократиялық қоғамда басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде мойындау мен құрметтеуді қамтамасыз ету және мораль, қоғамдық тәртіп және жалпы игілік талаптарын қанағаттандыру мақсатында ғана» енгізілуі мүмкін екені көрсетілген [12].

1985 жылы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелерінен шегіністер мен шектеулерді түсіндіру жөніндегі Сиракуза принциптері қабылданды. II бөлімнің «Төтенше жағдайға байланысты құқықтардан шегіністер» деп аталатын D тармағының 58-бабында Пактінің 4-бабының 2-тармағының ережелері кеңейтіледі. Бұл тармаққа сәйкес, мемлекеттегі ұлт өміріне қауіп төндіретін төтенше жағдай кезінде және оның ресми түрде жариялануы жағдайында Пактке қатысушы мемлекеттер Пакт бойынша өз міндеттемелерінен шегіністер жасауға құқылы. Алайда, бұл ереже 6, 7, 8 (1 және 2-тармақтары), 11, 15, 16 және 18-баптардан шегіністер жасауға негіз бола алмайды.

«D. Шегініс жасауға болмайтын құқықтар» тармағында былай делінген:

«58. Қатысушы мемлекеттердің ешқайсысы, тіпті ұлт өміріне қауіп төндіретін төтенше жағдай кезінде де, Пактінің келесі баптарында кепілдендірілген құқықтардан шегініс жасауға құқығы жоқ: өмір сүру құқығы; азаптауларға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазаларға, сондай-ақ ерікті келісімсіз медициналық немесе ғылыми тәжірибелерге тыйым салыну құқығы; құлдықтан, құл саудасынан және еріксіз күйдегі ұстаудан босату құқығы; шарттық міндеттемені орындай алмау салдарынан қамауға алынбау құқығы; қылмыстық жауапкершілік тек әрекет немесе әрекетсіздік орын алған сәтте қолданылған және әрекет еткен заңнама негізінде анықталу құқығы (егер кейін

қабылданған заң жеңіл жаза тағайындамаса); адам құқықтық субъектілігінің мойындалу құқығы; ой, ар-ождан және дін бостандығы құқығы.

Осы ережелерде бекітілген құқықтардан ешбір жағдайда, тіпті ұлт өмірін сақтап қалу мақсаты дәлелденген жағдайларда да шегініс жасауға болмайды» [13].

1997 жылғы «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың бұзылуына қатысты Маастрихт басшылық қағидаттарында» Пактінің қатысушы мемлекет тарапынан бұзылуының маңызды белгісі ретінде «қасақаналық» ерекше атап өтіледі: «11. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мемлекет әрекет немесе әрекетсіздік арқылы Пакт міндеттемелеріне қасақана қайшы келетін немесе оларды елемейтін саясат немесе тәжірибені жүзеге асырғанда, не талап етілетін стандарттарға сәйкес мінез-құлық немесе нәтижеге қол жеткізбеген жағдайда бұзылады». Басқа жағдайларда мемлекеттер өз міндеттемелерін орындау үшін құралдарды таңдауда «белгілі бір еркіндік дәрежесіне ие» [14].

Осылайша, халықаралық құқықта мемлекеттерге халықаралық-құқықтық құжаттардың нормаларын жүзеге асырудың әртүрлі құралдарын таңдау мүмкіндігін, соның ішінде төтенше жағдай кезінде белгілі бір адам құқықтарын шектеуді реттейтін егжей-тегжейлі құжаттар бар. Мұндай шектеулер мемлекет тарапынан белгілі бір мерзімге жарияланған төтенше жағдайларға байланысты болуы мүмкін.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық нормаларын «қасақана» бұзу жағдайлары, әдетте, қарулы қақтығыстар кезінде орын алады және мұндай жағдайларда халықаралық гуманитарлық құқық нормалары қолданылады. Бейбіт өмірде мемлекеттер өздерінің халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне сәйкес, сондай-ақ өздерінің өзін-өзі сақтау қажеттілігіне байланысты мұндай «қасақана» бұзушылықтарға жол бермеуге тырысады.

Жоғарыда атап өтілгендей, Адам құқықтары туралы Билльде адам құқықтарын шектеуге мүмкіндік беретін нормалар да қарастырылған. Бұл нормалардың пайда болуы елдің мәдениетін, оның тарихи (құқықтық, діни және т.б.) дамуының ерекшеліктерін ескерумен байланысты. Ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бойы қалыптасқан өркениеттер мен мәдениеттер, әдетте, жанашылдықтарды сақтықпен қабылдайды немесе дәстүрлі мәдениетімен үйлеспейтін болғандықтан мүлдем қабылдамайды және өздерінің құндылықтарын қорғауға ұмтылады.

Өзінің өркениеттік бірегейлігін қорғаудың мысалы ретінде қазіргі уақытта Еуропалық Одақтың негізгі құрылтай құжаты болып табылатын Еуропалық Одақ туралы Шартты (ЕОШ) атауға болады. Мәселен, Еуропалық Одақ туралы Шарттың 3-бабының 1-тармағында былай делінген: «1. The Union's aim is to promote peace, its values and the well-being of its peoples» [15], яғни «1. Одақ өз құндылықтарын, бейбітшілікті және өз халықтарының игілігін қолдауды мақсат етеді».

Осындай өркениеттік құндылықтарды айқындау және қорғау тәсілін басқа елдерге де, соның ішінде Қазақстанға, сондай-ақ Ресейге және басқа посткеңестік елдерге қатысты әділ деп тануға болады. Бұл елдерге қатысты халықаралық органдар тарапынан қабылданатын шешімдер егемен халықаралық құқық субъектілері үшін әрдайым қолайлы бола бермейді.

Мұндай жағдайларда елде мемлекет мойындаған халықаралық шарт нормасын жүзеге асыру бойынша ұсыныстардың (шешімдердің) шағын мамандар тобы тарапынан қабылдануы басты дау туғызатын мәселе болып табылады. Айта кету керек, халықаралық ұйымдардың органдарының ұсынымдары артында саяси және құқықтық көзқарастары мен сенімдері бар нақты мамандар тұр, олар кейде өз әріптес-сарапшыларының негізделген қарсылықтарына қарамастан, мемлекет өкілдерінің пікірінше жеткілікті дәлелденбеген шешімдер (ұсыныстар) тұжырымдамасында табанды болады.

Біздің ойымызша, мұндай тәсіл өнімді емес және халықаралық құқықтың басты мақсатына сәйкес келмейді. Халықаралық құқық, ең алдымен, халықаралық қатынастар субъектілерінің ерік-жігерін үйлестіруге негізделген халықаралық жүйенің бейбіт және жанжалсыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

«Адам құқықтарының бөлінбейтіндігі, өзара тәуелділігі және өзара байланыстылығы» ұғымы бұл салаға құқықтарды қамтамасыз ету мен қорғаудың барлық деңгейлерін – жаһандықтан бастап ұлттыққа дейін, әмбебап халықаралық-құқықтық құжаттардан бастап, адам мен азаматқа ең жақын, олардың құқықтары мен бостандықтарының толық спектрін тікелей реттейтін ұлттық конституциялар мен ішкі заңнамаға дейін қосатынын білдіреді.

Әлемнің көптеген елдерінің конституцияларының, соның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясының негізінде жалпыға танылған халықаралық құқық қағидаттары мен нормалары жатыр. Қазақстан Конституциясының мәтінінде (8-бап) «халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтеу» туралы норма бар. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі атап өткендей, «Қазақстан Республикасының Конституциясының 8-бабындағы Республика халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді деген ереже олардың ішкі құқықты жасауда ескеруге ұмтылысын білдіреді» [16].

Қорытынды

Сондықтан жалпыға танылған халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын, осы өзіндік «жалпыадамзаттық конституцияны», ұлттық Конституцияға қарама-қарсы қою немесе оны одан жоғары қою заңсыз болар еді, өйткені ұлттық Конституция ел халқының еркін оның жобасын талқылау және Негізгі заңды бекіту кезінде білдіреді. Осыған байланысты, егемен мемлекеттердің халықаралық ұйымдардың кейбір шешімдерін толық немесе ішінара орындаудың мүмкін еместігін түсіндіріп, ұлттық деңгейдегі адам құқықтарын қорғаудың сенімді тәжірибесіне, халықтың ғасырлар бойы

қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне, өздерінің конституциялары мен басқа да факторларға сілтеме жасауын түсінуге болады.

Шынында да, Конституция халық – мемлекеттік биліктің жалғыз көзі және мемлекет – басқару аппараты арасындағы айқын қоғамдық келісім немесе пакт болып табылады, оның ережелері «Pacta sunt servanda» қағидасына сәйкес орындалуы тиіс.

Сонымен қатар, жас егемен мемлекеттердің халықаралық-құқықтық танылуы басқа мемлекеттердің саяси-құқықтық актісі түрінде, көбінесе ресми және салтанатты түрде жаңа халықаралық құқық субъектісінің – өзінің аумағы, халқы және үкіметі бар мемлекеттің пайда болғанын растау болып табылады. Бұл сол елдің Конституциясын да тануды білдіреді, оның негізінде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасады.

Халықаралық ұйымдардың сарапшылары ұсынымдар қабылдаған кезде нақты елдің ұлттық ерекшеліктерін ескеруге көбірек назар аударуы қажет деп ойлаймыз. Бұл адам құқықтарын қорғауды неғұрлым тиімді жүзеге асыру мақсатында халықаралық, интеграциялық және ұлттық құқық мүмкіндіктерін үйлестіруді талап етеді. Мұнда адам құқықтарын қорғаудың ұлттық ерекшеліктерді, соның ішінде ішкі құқықты сақтай отырып, бірақ БҰҰ Жарғысының және жалпыға танылған халықаралық-құқықтық құжаттардың ережелеріне қайшы келмейтін, керісінше, оларды толығымен іске асырудың жаңа мүмкіндіктерін табуға бағытталған, оңтайлы жолын іздеу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Халықаралық шарттар құқықтары туралы Вена Конвенциясы (Вена, 1969 жылғы 23 мамыр) // «Параграф» ақпараттық жүйесі (қол жеткізу күні: 2024 жылғы 5 наурыз).
2. Қараңыз, мысалы: Мемлекеттер-Қатысушылардың Пактінің 40-бабына сәйкес ұсынған есептерін қарау (Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт) // <http://egov.kz/cms/ru/law/list/O110000000519.08.2011>. (қол жеткізу күні: 2024 жылғы 25 қазан).
3. Сарсембаев М.А. Критический анализ замечаний заключительного Документа Комитета ООН по правам человека (2011 жыл 19 тамыз) // Хождение в ООН. Комитет ООН по правам человека: ощущения, впечатления, анализ / М.А. Сарсембаев. – Астана: КГ «Болашақ», 2014. – 409-436 бб.
4. Сол жерде, 407-409 бб.
5. Jus cogens — халықаралық құқықтың императивтік нормасы // <http://interlaws.ru/jus-cogens-imperativnaja-norma-mezhdunarodnogo-prava/> (қол жеткізу күні: 2024 жылғы 9 қараша).
6. Біріккен Ұлттар Ұйымы. Халықаралық құқық комиссиясының баяндамасы. Алпыс тоғызыншы сессия (2017 жылғы 1 мамыр – 2 маусым және 3 шілде – 4 тамыз) // <https://undocs.org/ru/A/72/10> (қол жеткізу күні: 2024 жылғы 17 қараша).

7. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы // Адам құқықтары туралы халықаралық актілер. Құжаттар жинағы. – М.: НОРМА-ИНФРА М баспагерлік тобы, 1998. – 784 б.

8. Қараңыз, мысалы: В. Зорькин. Предел уступчивости // Ресейлік газет. - Федералды шығарылым №5325 (246) 29.10.2010 // <http://www.coe.mid.ru/doc/Zorkin.htm> (қол жеткізу күні: 2020 жылғы 8 қыркүйек).

9. Манов Г.Н. Признаки государства: новое прочтение // Мемлекет теориясының саяси мәселелері. – М., 1993. – 96 б.

10. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт. 1966 жылғы 16 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 2200 А (XXI) қарарымен қабылданған. 1976 жылғы 23 наурызда күшіне енді // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml (қол жеткізу күні: 2024 жылғы 15 қазан).

11. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (Нью-Йорк, 1966 жылғы 19 желтоқсан) // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactecon.shtml (қол жеткізу күні: 2024 жылғы 15 қазан).

12. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 217 А (III) қарарымен қабылданған және жарияланған // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr (қол жеткізу күні: 2024 жылғы 15 қазан).

13. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт ережелерінен шектеулер мен шегіністерді түсіндірудің Сиракуза принциптері (1985). БҰҰ құжаты E/CN.4/1985/4, Қосымша (1985) // <http://health-rights.org/index.php/cor/item/сиракузские-принципы-толкования-ограничений-и-отступлений-от-положений-международного-пакта-о-гражданских-и-политических-правах-1985>(қол жеткізу күні: 2024 жылғы 20 қыркүйек).

14. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың бұзылуына қатысты Маастрихт басшылық қағидаттары (1997) // <http://humanrts.umn.edu/instree/RMaastrichtguidelines.html> (қол жеткізу күні: 2024 жылғы 2 қараша).

15. Consolidated Version Of The Treaty On European Union (Дата обращения: 1 октября 2020 г.) // https://eur-lex.europa.eu/resource.html?uri=cellar:2bf140bf-a3f8-4ab2-b506-fd71826e6da6.0023.02/DOC_1&format=PDF (Дата обращения: 1 октября 2024 г.).

16. Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 3-тармағына, 6-бабының 1-тармағына, 8-бабына және 66-бабының 5) тармақшасына ресми түсіндірме беру туралы. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 12 сәуірдегі №1/2 Қаулысы // «Казахстанская правда» газеті, 2001 жылғы 16 маусым.

References

1. Khalyqaralyq sharttar quyqtary turaly Vena Konventsiiasy (Vena, 1969 jyly 23 mamyr) // «Paragraf» aqparattyq jüiesi (qol jetkizu küni: 2024 jyly 5 nauryz).
2. Qaranyz, mysaly: Memleketter-Qatysushylardyn Paktining 40-babyna säykes usyngan esepтерin qarau (Азаматтық және sayasi quyqtar turaly khalyqaralyq pakt) // <http://egov.kz/cms/ru/law/list/O110000000519.08.2011>. (qol jetkizu küni: 2024 jyly 25 qazan).
3. Sarsembayev M.A. Kriticheskiy analiz zamechaniy zaklyuchitelnogo Dokumenta Komiteta OON po pravam cheloveka (2011 zhyly 19 tamyz) // Khozhdenie v OON. Komitet OON po pravam cheloveka: oshchushcheniya, vpechatleniya, analiz / M.A. Sarsembayev. – Astana: KG «Bolashak», 2014. – 409-436 bb.
4. Sol zherde, 407-409 bb.
5. Jus cogens — khalyqaralyq quyqtyn imperativtik normasy // <http://interlaws.ru/jus-cogens-imperativnaja-norma-mezhdunarodnogo-prava/> (qol jetkizu küni: 2024 jyly 9 qarasha).
6. Birikken Ulttar Uyi. Khalyqaralyq quyq komissiyasynyn bayandamasy. Alpus togizynshy sessiya (2017 jyly 1 mamyr – 2 mausym және 3 shilde – 4 tamyz) // <https://undocs.org/ru/A/72/10> (qol jetkizu küni: 2024 jyly 17 qarasha).
7. Birikken Ulttar Uyiynyn Zhargysy // Adam quyqtary turaly khalyqaralyq aktіler. Quzhattar jinagy. – M.: NORMA-INFRA M baspagerlik tobynyng, 1998. – 784 b.
8. Qaranyz, mysaly: V. Zorkin. Predel ustupchivosti // Reseylik gazet. - Federaldy shygarylym №5325 (246) 29.10.2010 // <http://www.coe.mid.ru/doc/Zorkin.htm> (qol jetkizu küni: 2020 jyly 8 qyrkuyek).
9. Manov G.N. Priznaki gosudarstva: novoe prochtenie // Memleket teoriyasynyn sayasi мәseleleri. – M., 1993. – 96 b.
10. Azamatyq және sayasi quyqtar turaly khalyqaralyq pakt. 1966 jyly 16 желтоқсанда БҰҰ Bas Assambleyasynyn 2200 A (XXI) qararymen qabyldangan. 1976 jyly 23 nauryzda küşine endi // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml (qol jetkizu küni: 2024 jyly 15 qazan).
11. Ekonomikalyq, әleumettik және мәdeni quyqtar turaly khalyqaralyq pakt (Nyuu-York, 1966 jyly 19 желтоқсан) // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactecon.shtml (qol jetkizu küni: 2024 jyly 15 qazan).
12. Adam quyqtarynyn zhalpygha birdey deklaratsiyasy. 1948 jyly 10 желтоқсанда БҰҰ Bas Assambleyasynyn 217 A (III) qararymen qabyldangan және zhariyalangan // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr (qol jetkizu küni: 2024 jyly 15 qazan).
13. Azamatyq және sayasi quyqtar turaly khalyqaralyq pakt erezhelerinen shekteuler men sheginisterdi tusindiru syrakuzsky printsipteri (1985). BUN quzhaty E/CN.4/1985/4, Qosymsha (1985) // <http://health-rights.org/index.php/cor/item/сиракузские-принципы-толкования-ограничений-и->

отступлений-от-положений-международного-пакта-о-гражданских-и-политических-правах-1985(qol jetkizu kыni: 2024 jyly 20 qyrkuyek).

14. Ekonomikalyq, äleumettik және мәдени quqyqtaryn buzyluyna qatysty Maastrikht baskhylyq qaғidattary (1997) // <http://humanrts.umn.edu/instate/RMaastrichtguidelines.html> (qol jetkizu kыni: 2024 jyly 2 qarasha).

15. Consolidated Version Of The Treaty On European Union (Data obrashcheniya: 1 oktyabrya 2020 g.) // https://eur-lex.europa.eu/resource.html?uri=cellar:2bf140bf-a3f8-4ab2-b506-fd71826e6da6.0023.02/DOC_1&format=PDF (Data obrashcheniya: 1 oktyabrya 2024 g.).

16. Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiyasynyn 3-babynyn 3-tarmaǵyna, 6-babynyn 1-tarmaǵyna, 8-babyna және 66-babynyn 5) tarmaqshasyna resmi tusindirme beru turaly. Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiyalyq Keñesinin 2001 jyly 12 säuirdegi №1/2 Qaulysy // «Kazakhstanskaia pravda» gazeti, 2001 jyly 16 mausym